

Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 45.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 45 қаулысымен
бекітілген

Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдаланудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдер мен мемлекеттік нормативтерге сәйкес әзірленді.

Ереже ерекше режим белгіленетін әскери, қорғалатын және басқа объектілерді (бұдан әрі — ерекше режим объектілері) жаңадан игерілетін (жайластырылатын, салынатын) аумақтарда орналастыруды жоспарлаған әрі орналастырған кезде, егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, қала құрылысы регламентациясының әдістерімен режимдік аумақтардың аймақтарын пайдаланудың тәртібін айқындайды.

Ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілерді жобалағанда, салғанда әрі қайта жаңғыртқанда Қазақстан Республикасының ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілерінің санатына мемлекеттік органдарды және ұйымдарды жатқызу жөніндегі бекітілген нормалармен талаптар қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Режимдік аумақтардың аймақтары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің ерекше реттелетін және қала құрылысы регламентациясының аумақтық объектілеріне жатады және оған ерекше режим объектілері орналастырылған (орналасқан) арнайы аймақтар, сондай-ақ мемлекеттік нормативтерде көзделген елді мекендердегі немесе олардың шегінен тысқары өзге де ерекше реттелетін аумақтар - ерекше режим объектілерінің маңындағы санитарлық, қорғаныш немесе қорғау аймақтары, су қорғау аймақтары мен белдеулері кіреді.

3-1. Қорғалатын объектілерді елді мекендерде орналастыруға арналған режимдік аумақтардың аймақтары объектілердің сыртқы шекарасынан 100 метр арақашықтықпен шектелген, ал олардың шегінен тыс 1 километр жер учаскесі болып табылады.

Көрсетілген аумақтардың шегінде сәулет және қала құрылысы қызметін жүзеге асыру мен келісу тәртібі қарамағында аталған аумақ орналасқан жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен келісілген актісімен айқындалады.

Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Ереже Қазақстан Республикасының аумақтарында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыратын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады әрі заңнамаға сәйкес белгіленген режимдік аумақтар шекарасының шегінде қолданылады.

Әрбір нақты ерекше режим объектісі немесе олардың кешендері үшін республикалық және аймақаралық маңызы бар режимдік аумақтардың арнайы аймақтарының шекараларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, санитарлық, қорғаныш немесе қорғау аймақтарының шекаралары, ерекше режим объектілері мен басқа функционалдық аймақтар объектілерінің арасындағы бөліну параметрлері, сондай-ақ оларға талаптар (шектеулер, шарттар) өзге де режимдік аумақтардың немесе ерекше режим объектілерінің мақсатына байланысты мемлекеттік нормативтермен белгіленеді.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін әрбір нақты сутоған үшін су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар белгілейді. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.13. N 725 қаулысымен.

5. Режимдік аумақтардың қолданыстағы аймақтарына жаңадан орналастырылатын объектілер үшін оларды жобалауға арналған тапсырма бекітілген кезден бастап және салынған объектілерді пайдалануға бергенге дейін жобалау (жобалау-смета) құжаттамасын әзірлей бастағанда ерекше режим объектілерінің мәртебесі белгіленуі мүмкін.

Салынған объектінің немесе оның бөлігінің функционалдық мақсатына байланысты объектіні пайдалануға бергеннен кейін де ерекше режим объектісінің мәртебесі сақталуы мүмкін.

6. Құрылыс объектілерін орналастыру немесе өзге де қала құрылысын игеру (жайластыру, салу) үшін режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалануды жоспарлау пайдаланумен (құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізумен, сондай-ақ кейіннен салынған объектілерді пайдалануға берумен) тең және:

- 1) адамның өмірі мен денсаулығын қорғауға;
- 2) экологиялық теңгерімді сақтауға және экологиялық жағдайды жақсартуға;
- 3) аумақтарды, суды және өзге де табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға;
- 4) адам мекендейтін және тіршілік ететін қолайлы ортаны қалыптастыруға жәрдемдесуге;
- 5) қорғалатын ландшафтық объектілерді және мемлекеттік табиғи-қорық қорының өзге де объектілерін қорғауға;
- 6) тарих және мәдениет ескерткіштері мен олардың ансамбльдерін қорғауға;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында көзделген құпиялылық режимін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралармен (нормативтік қашықтықтарды толық сақтауды қоса алғанда) қамтамасыз етілуге тиіс.

7. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалануы тек қана белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес және берілген жер телімінің мақсатты пайдаланылуын немесе сервитутын, аумақтарды аймақтарға бөлуді, аумақтық құрылыс салу ережелерін сақтай отырып, ал қалалар мен қала үлгісіндегі кенттерде қызыл сызықтарды және құрылыс салуды реттейтін сызықтарды сақтай отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдаланудың, сондай-ақ олардың жай-күйінің жол берілетін кез келген өзгерістерінің қала құрылысы регламенттері мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасымен белгіленеді.

Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдаланудың қала құрылысы регламенттерін белгілейтін, белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттама осы регламенттердің қолданысын шектейтін мерзімдерді анықтауға тиіс.

9. Режимдік аумақтың аймағында орналастырылатын кез келген объектіні жобалауға арналған тапсырма бекітілгенге дейін осы жер телімі қарауындағы немесе жедел басқаруындағы тиісті мемлекеттік органдармен (қызметтермен) келісілуге тиіс.

10. Режимдік аумақтың аймағында орналастырылатын объект бойынша жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасында осы режимдік аумақты жоспарлау және құрылыс салу кезінде құрылысқа бөлініп берілген жер телімінің (алаңның, трассаның) функционалдық мақсатына сәйкес белгіленген қала құрылысы регламенттерінде көзделген талаптар (шарттар, шектеулер) болуға тиіс.

11. Режимдік аумақтардың аймақтарын қала құрылысы және (немесе) құрылыс мақсаттарына жоспарлаған әрі пайдаланған кезде жол берілген мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұзу не олардан ауытқу, сондай-ақ оларға қатысты ерекше режим белгіленген объектілерді зақымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.